

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ  
САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ  
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АЛМАТЫ  
ҚАЛАСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-  
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ  
ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-  
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ  
ГОРОДА АЛМАТЫ КОМИТЕТА  
САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО  
КОНТРОЛЯ МИНИСТЕРСТВА  
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН»

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ  
БАС МЕМЛЕКЕТТІК  
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ҚАУЛЫ

17.03.2022 ж.

Алматы қаласы

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ  
ГОРОДА АЛМАТЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№5

город Алматы

**Алматы қаласында коронавирустық  
инфекцияның таралуының алдын алу  
жөніндегі одан әрі шаралар туралы**

Алматы қаласының тұрғындары арасында коронавирустық инфекцияның таралуының одан әрі алдын алу мақсатында «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 104-бабының 5 тармағына және «Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын және пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-293/2020 бұйрығының 12 тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Алматы қаласының аудандарының әкімдері, мемлекеттік органдар, Кәсіпкерлер палатасы (келісім бойынша), құқық қорғау және арнайы органдар, мекемелер, кәсіпорындар мен кәсіпкерлік субъектілерінің басшылары қамтамасыз етсін:

1.1. «Ashyq» жобасын енгізу туралы Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2022 жылғы 14 наурыздағы № 14 қаулысына сәйкес объектілерде «Ashyq» жобасын іске асыруды жалғастыруды және енгізуді;

1.2. «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» 2022 жылғы 12 наурыздағы №12 және «Білім беру ұйымдарында шектеу іс-шараларын алып тастау туралы» 2022 жылғы 14 наурыздағы №13 Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларын іске асыруды.

2. «Алматы қаласындағы карантиндік шараларды жеңілдету туралы» Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің міндет атқарушының 2022 жылғы 11 ақпандағы №4 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Алматы қаласының  
Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігері**



**Қ. Алпысбайұлы**